

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті

«Кұстар»

Гәрбиеші: Тулегенова Г.М

Гобы: «Жас ізденімпаз» мад тобы

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет

Гәрбиеші: Тулегенова Г.М

Гобы: «Жас ізденімпаз» мад тобы

Ғақырыбы. «Құстар»

Міндеттері:

- 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, әртүрлі заттрадан тұратын топтардың санын анықтау, санау, сандық мәндерін табу.
- Құрылыс материалынан ұсынылған тақырыпқа өз бетінше құрастыру.
- Сөздерді буындарға бөлу, олардың санын анықтау. Сөздерге дыбыстық талдау жасау.

Кіріктірілген іс-әрекет: денешынықтыру

Барысы:

I-ойын :«Жасырынған құсты тап»

Балалар кәрзеңке ішінен сопақша пішінді қағаздарды алады. Қағаздың астында құстың бейнесі жасырылған.

- Қолымдағы қағаздың пішіні мен түсі қандай?
 - Сопақша пішінді , ақ түсті.
 - Қандай затқа ұқсайды?
 - Жұмыртқаға ұқсайды.
 - Енді осы жұмыртқа ішінде қандай құс жасырынып тұрғанын табайық.
- Қағаздың ортасын жәймендеп жырту әдісі арқылы ашып, қандай құстың жасырылғанын табады.

(Құстың суреті)

- Көгершін, балапан, қарға, қарлығаш, торғай.
- Балалар, құстың бізге қандай пайдасы бар?
- Құстың қауырсынынан жастық жасаймыз.
- Жұмыртқасын тағамға пайдаланамыз.
- Етінен сорпа қайнатып ішеміз.

Жарайсындар! Құстың адамдарға пайдасы зор екен. /Құстар түрлері бойынша топтасып, суреттерді жіптен өткізеді.



Ендеше бүгін біз құстар туралы көптеген ойындар ойнайтын боламыз. Ойын ойнауға дайынбыз ба?

2 – ойын: Фребель таяқшаларымен құстың ұясын құрастыру. (құрастыру)

Ұзын және қысқа таяқшалар және әртүрлі пішінді материалдарды пайдалана отырып, өз қиялы бойынша ұя құрастырады.



3- математикалық ойын:Салыстыру. Балаларға кез келген сан көрсетіледі. Сол санға сәйкес суретті таратпаларды санап отырып орналастырады. Екі жақтың суретті гартатпаларын санап, салыстырады және белгі қояды.

Есеп шығару. Алдарына берілген құстардың суретін санай отырып, шешімінде қанша құстар болатынын табады.



4-ойын: «Кім епті?» ойыны.

Ойын шарты: Балалар екі топқа бөлініп, пирамида құрылғыларын құрастырады және сақиналарды лақтыра отырып, құрылғыларға салады. Қай топ бірінші болып сақиналарды салады, сол топ жеңіске жетеді.



5- ойын: «Қай құстың ұясы?»

Балаларға құстың ұясы бар суретті карточкалар беріледі. Фонарик арқылы ұяға қандай құс қонып отырғанын табады және дыбыстық талдау жасайды. (сауат ашу)

Торғай – сөзінде екі буын бар. Т- дыбысынан басталып тұр. Торғайларға жем пашамыз.



5-ойын:«Құстың жұмыртқасын жинаймыз»

Қолдарына жартылай доғал ұзынша материалдар беріледі. Материал ішіне кезектестіріп жұмыртқа шарын салып отырады. Балалар шарды жерге түсіріп алмай, сырғаната отырып, шелекке салады.



Балалар бүгінгі ойын іс-әрекеттерінен алған әсерлерімен ортаға бөліседі.